

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 ақпанда № 22206 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры*

Г. Нурдаулетов

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2021 жылғы 15 ақпандағы
№ 17
Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Атқарушы құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған тұлғалардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұлды салу жөнінде қаулыларды ерікті түрде орындамаған тұлғалардың орталықтандырылған деректер банкін (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) құру және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 8 шілдедегі №

70 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9628 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

Атқарушы құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған тұлғалардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұлды салу жөнінде қаулыларды ерікті түрде орындамаған тұлғалардың орталықтандырылған деректер банкін (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) жүргізу туралы нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған адамдардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларды ерікті түрде орындамаған адамдардың орталықтандырылған деректер банкін (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) жүргізу жөніндегі нұсқаулық";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқарушылық құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған адамдардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларды ерікті түрде орындамаған адамдардың орталықтандырылған деректер банкін (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) жүргізу жөніндегі осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 3-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. БОДБ Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің (бұдан әрі – ҚСЖАЕК ААЖ) әкімшілік құқық бұзушылықты анықтауға және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардың (бұдан әрі - әкімшілік практика субъектілері) "Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20962 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 85 бұйрық) сәйкес ұсынған мәліметтерінің негізінде және атқарушылық іс жүргізу органдарының "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 10 бұйрығымен көзделген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19882 болып тіркелген) ақпараттық есепке алу құжаттарының негізінде ұсынған мәліметтерінің негізінде қалыптастырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Егер атқарушылық құжаттар бойынша әкімшілік айыппұл не берешек ішінара төленген болса, онда борышкер БОДБ-да толық төлегенге дейін есепке алынған болып қалады. Осы талап, егер БОДБ-дағы борышкерге қатысты екі немесе одан да көп атқарушылық құжаттар және айыппұл түріндегі әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар бойынша мәліметтер бар болған жағдайда қолданылады.";

Нұсқаулықтың 1-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған адамдардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларды ерікті түрде орындамаған адамдардың орталықтандырылған деректер банкі (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың 1-қосымшасы";

Нұсқаулықтың 2-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық құжаттар бойынша міндеттемелерді орындамаған адамдардың, сондай-ақ әкімшілік айыппұл салу туралы қаулыларды ерікті түрде орындамаған адамдардың орталықтандырылған деректер банкі (борышкерлердің орталықтандырылған деректер банкі) жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың 2-қосымшасы".

2. "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:

1) ақпаратты есепке алу кітабы (бұдан әрі - АЕК) – сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР

ҚПК) 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат енетін автоматтандырылған ақпараттық деректер базасы;

2) ақпаратты қауіпсіз сақтауға арналған құрылғы – бұл СДТБТ-ға қол жеткізу үшін өзекті ақпараттарды және биометриялық деректерді қауіпсіз сақтауға арналған құрылғы;

3) биометриялық оқу құралы – биометриялық саусақ іздерін баптау жүйесін пайдаланушысын аутентификациялау үшін мамандандырылған перифериалық құрылғы ;

4) жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық – бұл ҚР ҚПК-нің 180-бабымен көзделген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға себептердің болуына қарамастан, ол бойынша СДТБТ-да оны тіркеуге шаралар қабылданбаған қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс;

5) иесі бүркемеленген өтініш – ол бойынша авторын белгілеу мүмкін емес, арыз берушінің қолтаңбасы, оның ішінде электронды цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы жоқ өтініш;

6) қайта жасалған арыз және хабар – бір реттен аса сол бір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша бірнеше рет жүгіну;

7) қолтаңба планшеті – қолтаңба иесінің қолжазба қолтаңбасының цифрлық аналогын құруға мүмкіндік беретін, жазу қаламын (стилус) және графикалық планшеттен тұратын, мамандандырылған перифериалық құрылғы;

8) құқықтық өкілетті адам – қылмыстық қудалау органы кезекші бөлімінің қызметкері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдауға және есепке алуға жауапты лауазымды адам;

9) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат – белгіленбеген тұлғаның хабарын , сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерін, ҚР ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігінде көрсетілген арыздар мен хабарларды қоса алғандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау мүмкіндігі туралы шешімді қабылдау қажеттілігі бар ақпарат;

10) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты есепке алу – АЕК-ке осы тармақтың 15)-тармақшасында көрсетілген себептерді осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес "АЕК-тегі есепке алу" К-1 нысаны бойынша (бұдан әрі - К-1 нысаны), сонымен қатар осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес, "АЕК бойынша шешім" К-2 нысаны бойынша, осы Қағиданың 12 және 14-тармақтарына сәйкес оның шешілу нәтижелері туралы мәліметті (бұдан әрі - К-2 нысаны) қоса қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты бекіту;

11) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды және ақпаратты қабылдау – қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдарының ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылық туралы өзге ақпаратты міндетті түрде қабылдауы;

12) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздарды, хабарларды немесе рапорттарды тіркеу – осы тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген себептерді СДТБТ-да тіркеу;

13) СДТБТ-ның тұтынушы (бұдан әрі - тұтынушы) - нақты қызметті орындау үшін, өз құзыреті шеңберінде СДТБТ пайдаланатын лауазымды тұлға;

14) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі - СДТБТ) – ҚР ҚПК 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері, олар бойынша қабылданған процестік шешімдері, жүргізілген әрекеттер, қылмыстық іс жүргізудің жылжуы, қылмыстық процестің арыз иелері мен қатысушылары туралы мәліметтер енетін автоматтандырылған деректер базасы, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізуді іске асырады;

15) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері – арыз, кінәсін мойындап келу, хабар, ҚР ҚПК-нің 181-184 баптарының талаптарына сәйкес рәсімделген, ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған қылмыстық құқық бұзушылық туралы баянат;

16) туыстарымен байланысын жоғалтқан адам – әртүрлі себептерге байланысты туыстарымен қандай да бір қарым-қатынас жасамайтын және өзінің орналасқан жері туралы мәліметтерді хабарламайтын, оған қатысты іздестіру туралы шағым келіп түскен адам;

17) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары ;

18) хабар-ошарсыз кеткен адам (хабар-ошарсыз жоғалған адам) – кенеттен, қандай да бір себепсіз жоғалып кеткен, орналасқан жері белгісіз және оған қатысты оны іздеу туралы арыздар, хабарлар немесе рапорттар келіп түскен адам;

19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

20) электрондық ақпараттық есепке алу құжаты (нысан) – оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптасатын белгіленген үлгідегі құқықтық статистикалық ақпараттың жеткізгіші;

21) SMS-хабарлама – ұялы байланыс және (немесе) электрондық пошта арқылы қылмыстық процес қатысушыларына хабарлау немесе қылмыстық процесті жүргізуші тұлғаға келу шін мәтіндік хабарламалар жолдауға мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы;

22) жария сектор – қылмыстық процеске қатысушыға Интернет арқылы ақпараттық қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып, қабылданған процестік шешімдер туралы және өзге де СДТБТ-да бар мәліметтерге, өзіне немесе қорғалатын

адамға қатысты қылмыстық істің материалдарына қашықтықтан қол жеткізуге, шағым және өтінішхат беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Талон-хабарлама екі бөліктен тұрады:

қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен;
арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан.

Талон-хабарламаның түбіртектерінің түпнұсқалары қатаң есептілік құжаты болып табылады, қылмыстық қудалау органдарында 3 жыл бойы сақталады.

Үзілмелі талон-хабарламаның келес Интернет-ресурстың мекенжайы: www.qamqor.gov.kz, телефон нөмірлері: 8 800-080-7777 (стационар телефоннан), 1414 (ұялы телефоннан) көрсетілген, олар бойынша арыз берушінің арызды қабылдаған қылмыстық қудалау органының тиісті ақпаратын және телефон нөмірін алуға болады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. СДТБТ-ні жүргізу шешім қабылдаған лауазымды адамның уәкілетті органға Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы арқылы берілетін "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ЭЦҚ-мен қол қойылатын қылмыстық өндіріс бойынша әрбір әрекетке және шешімге электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі - нысан) сәйкесті деректемелерін толтырады.

Мәліметтерді енгізген кезде осы Қағидалардың 34 және 35-тармақтарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылықтың толық сипаттамасы және одан әрі шешімді қабылдау негіздемелері көрсетіледі.

СДТБТ-да процестік шешімдер мен әрекеттердің электрондық шаблондары болған жағдайда, оларды қылмыстық істің материалдарына қатаң сәйкестікте толтыру міндетті";

20-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1. Қылмыстық сот ісін қағаз форматта жүргізу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы прокурорға процестік шешімдерді келісуге немесе бекітуге жібереді, сондай-ақ ҚР ҚПК-де көзделген жағдайларда, құпиялылықты талап ететіндерді қоспағанда, прокурорды электрондық нысанда қабылданған шешімдер туралы хабардар етеді және процестік шешімдер мен қылмыстық істің өзге де материалдарының көшірмелерін жібереді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында қылмыстық сот ісін электрондық форматта СДТБТ арқылы жүргізу "Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 2 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16268 болып тіркелген) регламенттелген.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Қылмыстық қудалау органы ҚР ҚПК-ға сәйкес оларға келісуге немесе бекітуге жататын, СДТБТ-ға енгізілген электрондық процестік шешімдер және олар бойынша нысандарды прокурорға береді.

Прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының шешімін зерделегеннен кейін, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайларда не қажет болған кезде қылмыстық іс материалдарын қарағаннан кейін СДТБТ-да процестік шешіммен келіседі немесе бекітеді, оған келісуден және бекітуден дереу не ҚР ҚПК-да көзделген мерзімдерде бас тартады.

Сондай-ақ прокурорға қол қоюға, СДТБТ-ға енгізілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзарту туралы және СДТБТ-да тіркелген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды және хабарды ҚР ҚПК-нің 186-бабының 2-бөлігі тәртібінде тергеулігі бойынша беру туралы шешімдер жіберіледі.

Көрсетілген электрондық процестік шешімдер мен нысандарды есепке алу, оларға прокурор ЭЦҚ арқылы қол қойғаннан кейін жүргізіледі.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты тіркеу туралы, келісуге не бекітуге жататын процестік шешімдер туралы мәліметтер, сондай-ақ процестік шешімдердің және іс-әрекеттердің электрондық шаблондары СДТБТ-ға дереу енгізіледі.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Қалған нысандар бойынша мәліметтер шешім қабылданған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 10-1-тарауымен толықтырылсын:

"10-1-тарау. Жария сектор

57-1. Қылмыстық процеске қатысушы процестік мәртебе алған сәттен бастап ҚР ҚПК-нің талаптарын ескере отырып, жария сектор арқылы өзіне қатысты немесе қорғалатын адам туралы қабылданған процестік шешімдерге және өзге де мәліметтерге, қылмыстық іс материалдарына қол жеткізуге құқылы.

Сондай-ақ, жария сектор арқылы ҚР ҚПК-нің 13-тарауымен көзделген өтінішхаттарды, арыздарды беру және оларға электрондық жауап алу мүмкіндігі бар.

Жария сектормен жұмыс жасау үшін қылмыстық процеске қатысушыларда Интернеттің, ЭЦҚ-ның болуы және жария секторда тіркелуі қажет.

Қылмыстық процеске қатысушыларға міндетті түрде ҚР ҚПК-ге сәйкес табысталуға не таныстыруға жататын процестік шешімдерге қолжетімділік беріледі.

Қылмыстық процеске қатысушыларды тіркеу жария секторда ҚР ҚПК-де көзделген шектеулерді ескере отырып өз бетінше жүргізіледі.

Қолжетімділікті сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуші адам, ҚР ҚПК-де бекітілген көлемде береді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

5.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5.1 Хабарлама: жеке адамға қарсы (03), отбасы мен кәмелетке толмағандарға қарсы (04), адамның және азаматтың конституциялық және өзге де құқықтары мен бостандықтарына қарсы (05), бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы (06), конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы (07), меншікке қарсы (08), ақпараттандыру және байланыс саласында (09), экономикалық қызмет саласында (10), коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы (11), қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы (12), халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы (13), медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы (14), экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы (15), көлікте жасалған (16), сыбайлас жемқорлыққа байланысты және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы (17), басқару тәртібіне қарсы (18), сот төрелігіне және жазаны орындау тәртібіне қарсы (19), әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы (20).";

мынадай мазмұндағы 5.4-тармақпен толықтырылсын:

"5.4 Хабарлама тіркелді: отбасылық-тұрмыстық салада (1), салықтық тексеру шеңберінде (2), өзге (3).";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

мынадай мазмұндағы 6.1-тармақпен толықтырылсын:

"6.1 Іздестіру іс-шараларының қажеттілігі: қажет емес (1), туысқандарымен байланысы үзілген (2), анықталмаған адам (3).";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшасы осы Тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымшасында:

20-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20-1. Мәліметтер: жасырын (01), құпия (02), жасырын емес (01), құпия емес (02).";

33.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33.1. Қосымша мәліметтер: апат (01), әскери техникамен байланысты (02), арнайы техникамен байланысты (03), қаруды абайсыз ұстау (04), жарылғыш затты абайсыз ұстау (05), электр тоғымен зақымдау (06), төмен температуралардың әсері (07), өкімдегі шектеумен (08), ЕПП, сол тектес, улы заттар мен прекурсорлармен байланысты (09), тапсырыс бойынша (12), күш қолданумен (13), азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзумен байланысты (15), әлеуметтік алауыздықты тудырумен байланысты (20), ұлттық алауыздықты тудырумен байланысты (21), рулық алауыздықты тудырумен байланысты (22), нәсілдік алауыздықты тудырумен байланысты (23), діни алауыздықты тудырумен байланысты (24), қоғамдық тәртіпті бұзған (25), жасырын цех (26), есепке алынбаған өнімді өндіру және (немесе) өткізу (27), жасырын казино (28), жасырын онлайн-казино (29), ойын автоматтары залы (30), кіші мұнай өңдеу зауыттары (МӨЗ) (31), мұнай терминалы (32), шетелден әкелінген (33),

кірістерді жылыстатуға байланысты (34), терроризмді қаржыландыруға байланысты (35), жалған кәсіпорындардың контрагенттері (36), есірткі зертханасы анықталды (38).";

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымша осы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 13-қосымша осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 16-қосымшасында:

3.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.1. Есірткі өнімдері жұмсалды: салыстырмалы сараптаманың нәтижесінде (1), қайта сараптама жүргізу нәтижесінде (2)".

мынадай мазмұндағы 3.2-тармақпен толықтырылсын:

"3.2. Сақтау камерасынан тыс сақталады: (01).";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бірлескен жұмысы нәтижесінде ЕПП, сол тектес заттарды: Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (бұдан әрі – ҰҚК) (01), Ішкі істер министрлігінің (02), Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің (03), Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) (04), ҰҚК-нің Шекара қызметінің (05), басқаларының (06) алып қоюы.";

мынадай мазмұндағы 13.1-тармақпен толықтырылсын:

"13.1. Алып қойылған (жойылған) экстремистік немесе террористік материалдардың атауы мен саны:

Экстремистік немесе террористік сипаттағы белгілері бар ақпараттық материалдың атауы	Сотпен экстремистік немесе террористік деп танылған материалдардың саны	Материал түрі	Азаматтық істің нөмірі	Сот шешімінің заңды күшіне енген күні	Ескертпе
--	---	---------------	------------------------	---------------------------------------	----------

";

көрсетілген Қағидаларға 17-қосымшасы:

мынадай мазмұндағы 6.2-тармақпен толықтырылсын:

"6.2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____";

мынадай мазмұндағы 6.3-тармақпен толықтырылсын:

"6.3. Ұйымның атауы _____".

3. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 01.12.2023 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есепті және оны құрастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 102 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9852 болып

тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 24 қарашада жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е статистикалық есеп нысаны осы Тізбенің 5-қосымшасына сәйкес жаңа нысанда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есеп нысанын құрастыру бойынша Нұсқаулықта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына сәйкес қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері (анықтау органдары, тергеушілер, прокурорлар) толтырған сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – ЭАЕҚ) мәліметтері есепті қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Бөлімдерді есептеу қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері (анықтау органдары, тергеушілер, прокурорлар) СДТБТ-ға ЭАЕҚ енгізген күн бойынша жүргізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Республика бойынша, сондай-ақ өңір және құқықтық статистиканың әрбір субъектісі бойынша жиынтық есеп Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің орталық аппаратында (бұдан әрі – Комитет) автоматтандырылған режимде қалыптастырылады.

Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары өз орындарында СДТБТ-ға енгізілетін мәліметтер дұрыстығын қамтамасыз етеді және есептіліктің бұрмалануын болдырмау үшін шаралар қабылдайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Комитет жиынтық есепті және әрбір қылмыстық қудалау органы бойынша есептерді Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне олардың ресми электрондық мекенжайларына электрондық форматта жібереді.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күнге тура келсе, онда мерзімнің соңғы күні одан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. 1-бағанда өспелі қорытындымен (қайталанған шешімдермен) есепті кезең үшін қылмыстық қудалау органдары жұмысының жалпы көрсеткіштері, 2-бағанда ағымдағы ай үшін тергеу (3, 4-бағандар) және анықтау (5, 6-бағандар) органдарының жұмысы ажыратылып көрсетіледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жолдар қылмыстық қудалау органдары жұмысының негізгі көрсеткіштерін, оның ішінде есепті кезеңнің басында іс жүргізуде жатқан істердің қалдығын (1-жол), іс жүргізуге қабылданғанын (2-жол), электрондық форматта қылмыстық сот ісін жүргізу тағайындалған есепті кезеңде іс жүргізуде болған қылмыстық істердің санын (18-жол) қамтиды (19-жол).";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Аяқталған қылмыстық істер (негізгі істер, сондай-ақ аяқталған эпизодтар бойынша негізгі істерге біріктірілген қылмыстық істер), оның ішінде электрондық форматтағы істер туралы мәліметтер 21-тен 51-жолдарда орналастырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. 52-ден 53-ке дейінгі жолдарда тергеулігі бойынша жіберілген істер, 54-тен 57-ге дейінгі жолдарда-қылмыстық істі үзуді келісу үшін прокурорға жіберілген қылмыстық істер, 58-ден 59-ға дейінгі жолдарда-анықтау органы бастығының бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы жұмысы туралы мәліметтер, 60-тан 64-ке дейінгі жолдарда – прокурор сотқа жіберген қылмыстық істер көрсетіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қылмыстық қудалау органдарының тергеу әрекеттері туралы өтінішхаттары 68-ден 95-жолдарда көрсетілген.";

15-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1. 96-жолда Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 668-бабының бесінші бөлігінің тәртібінде мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша қорытынды көрсетіледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Көрсетілген кестеде ҚР ҚПК-нің 45-бабы тәртібінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер саны туралы мәліметтер бар және 8 баған мен 54 жолдан тұрады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдерімен) есепті кезеңде қылмыстық қудалау органдарының сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдері бойынша жұмыс көрсеткіштері, 2-бағанда ағымдағы ай бойынша тергеу (3, 4-бағандар) және анықтау (5, 6-бағандар) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді үзуді келісуден прокурордың бас тартуы 7, 8-бағандарда көрсетіледі.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. 34-жолда прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін ұзу туралы қаулыны келісуден бас тартқаннан кейін қабылданған процестік шешімдердің саны көрсетіледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. 34-жолдан қабылданған процестік шешімдер 35-тен 43-жолдарда көрсетіледі.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Бұл кесте тоқтатылған қылмыстық істер бойынша мәліметтерді құрайды және 8 баған мен 78 жолдан тұрады.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдерімен) есепті кезеңде қылмыстық қудалау органдарының тоқтатылған қылмыстық істер бойынша жұмыс көрсеткіштері көрсетіледі, 2-бағанда ағымдағы ай бойыша тергеу (3, 4-бағандар) және анықтау (5, 6-бағандар) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтатуға келісуден прокурордың бас тартуы 7, 8-бағандарда көрсетіледі.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. 45-жолда прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны бекітуден бас тартқаннан кейін қабылданған процестік шешімдердің саны көрсетіледі.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. 45-жолдағы қабылданған процестік шешімдер 46-дан 54-жолдарда көрсетіледі."

;

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. 55-жолда 1-жолдан прокурордың қылмыстық істі тоқтату туралы, оның ішінде қылмыстық қудалау органының өзінің өтінішхаты бойынша күшін жойған қаулылардың саны көрсетіледі.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. 55-жолдан 57-ден 69-ға дейінгі жолдарда ҚР ҚПК-нің 35 және 36-баптары бойынша қылмыстық істерді тоқтату негіздері көрсетіледі.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. 70-78-жолдарда прокурор қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының күшін жойғаннан кейін қабылданған процестік шешімдер көрсетіледі (55-жол).";

6-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Параграф 6. "Оларға қатысты қылмыстық қудалау ақтайтын негіздер бойынша қысқартылған не ақтау үкімі шығарылған адамдардың саны туралы қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері" (№6 кесте)";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Осы кестеде оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған не ақтау үкімі шығарылған адамдардың саны туралы мәліметтер қамтылады және 12 баған мен 28 жолдан тұрады.";

69-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"69. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдермен) есепті кезең үшін қылмыстық істерді тергеп-тексерген кезде қылмыстық қудалау органдарының оларға қатысты қылмыстық қудалау ақтайтын негіздер бойынша тоқтатылған не ақтау үкімі шығарылған адамдар саны туралы жұмысының көрсеткіштері көрсетіледі, оның ішінде ағымдағы ай бойынша (2-баған), өткен жылдары оларға қатысты шешім қабылданған адамдарға қатысты (3-баған), электрондық нысандағы істер бойынша (4-баған), тергеу (5-тен 8-бағандарға дейін) және анықтау (9-дан 12-бағандарға дейін) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. 2-жолда 1-жолдан қылмыстық теріс қылықтар бойынша істер бөлінеді.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. 3-жолда оларға қатысты іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған (4-жол), ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұстап алу қолданылған (6-жол), қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылған (8-жол), одан кейін іс жүргізу ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1 және 2-бөліктерінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалары бойынша тоқтатылған адамдар көрсетіледі.";

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. 10-жолда 1-жолдан оларға қатысты ҚР ҚПК-нің 128-бабы тәртібінде ұстап алу қолданылған (15-жол), қандай да бір бұлтартпау шаралары қолданылған (17, 18-жол), одан кейін іс жүргізу ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1 және 2-бөліктерінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақшалары бойынша тоқтатылған адамдар көрсетіледі.";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. 12-ден 14-жолдарға дейін бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот органдары қабылдаған шешімдер көрсетіледі.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. 19-жолда 1-жолдан бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы сот органдары шығарған заңды күшіне енген үкімдер бойынша ақталған адамдар көрсетіледі.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. 28-жолда әрекеттерін саралауға бас тартылған адамдар саны көрсетіледі.";

78-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"78. 1-бағанда үдемелі қорытындысымен (қайта шешімдермен) есепті кезеңде кәметке толмағандардың істері бойынша қылмыстық қудалау органдары жұмысының көрсеткіштері, тергеу (2-баған) және анықтау (3-баған) органдарының жұмысы бөлініп көрсетіледі. Прокурордың процестік шешімдерді келісуден/бекітуден бас тартуы 4-бағанда көрсетіледі.".

5. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 19.05.2021 № 70 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 13.01.2023 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 04.01.2023 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. "Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан адамдарды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ адамдарды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы, мертігуден болмаса денсаулығының өзге де зақымдануынан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі адамдарды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 4 тамыздағы № 78 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15639 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынып жүрген немесе пробациялық бақылауды жүзеге асырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалып кеткен, туысқандарымен байланысты жоғалтқан адамдарды, өзі туралы анықтамалық деректерді хабарлауға қабілеті жоқ адамдарды, жеке басы анықталмаған мәйіттерді және атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер, мемлекеттің мүддесі үшін ұсынылған, сондай-ақ алименттер өндіріп алу туралы, мертігуден болмаса денсаулығының өзге де зақымдануынан, асыраушының мертігуінен немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, қайтыс болуынан келген залалды өтеу туралы қуынымдар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі адамдарды арнайы есепке алуды жүргізу және пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

көрсетілген Қағидаларға 12-қосымшасы осы Тізбенің 8-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген Қағидаларға 13-қосымшасы осы Тізбенің 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 05.08.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. "Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2018 жылғы 3 қаңтардағы № 2 бұйрығында (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 23

қаңтарда № 16268 болып тіркелді, 2018 жылдың 26 қаңтарында Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу жөніндегі нұсқаулықта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Нұсқаулықта келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі - СДТБТ) – ҚР ҚПК 180-бабының 1-бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері, олар бойынша қабылданған процестік шешімдері, жүргізілген әрекеттер, қылмыстық іс жүргізудің жылжуы, қылмыстық процестің арыз иелері мен қатысушылары туралы мәліметтер енетін автоматтандырылған деректер базасы, сондай-ақ, сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізуді іске асырады;

2) "Электрондық қылмыстық іс" модулі (бұдан әрі – е-ҚІ модулі) – электрондық қылмыстық істі дайындауды, жүргізуді, жөнелтуді және сақтауды ұйымдастыруға арналған СДТБТ-ның функционалы;

3) электрондық қылмыстық іс – қылмыстық қудалау органымен бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық себебі бойынша е-ҚІ модулінің функционалы арқылы электрондық форматта жүргізілетін бөлек өндіріс;

4) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

5) СДТБТ-ның тұтынушы (бұдан әрі - тұтынушы) - нақты қызметті орындау үшін, өз құзыреті шеңберінде СДТБТ-ның пайдаланатын лауазымды тұлға;

6) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

7) медиа-файлдар – қылмыстық процесті жүргізетін адамның шешімі бойынша, электрондық қылмыстық іске тіркелуге жататын, бейне, сурет және аудио материалдар;

8) қолтаңба планшеті – қолтаңба иесінің қолжазба қолтаңбасының цифрлық аналогын құруға мүмкіндік беретін, жазу қаламынан (стилус) және графикалық планшеттен тұратын, мамандандырылған перифериялық құрылғы;

9) SMS-хабарлама - ұялы байланыс және (немесе) электрондық пошта арқылы қылмыстық процес қатысушыларына хабарлау немесе қылмыстық процесті жүргізуші тұлғаға келу үшін мәтіндік хабарламалар жолдауға мүмкіндік беретін СДТБТ функционалы;

10) жария сектор – қылмыстық процеске қатысушыға Интернет арқылы ақпараттық қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып, қабылданған процестік шешімдер туралы және өзге де СДТБТ-да бар мәліметтерге, өзіне немесе қорғалатын

адамға қатысты қылмыстық істің материалдарына қашықтықтан қол жеткізуге, шағым және өтінішхат беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Электрондық сот ісін жүргізу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, оның ішінде лауазымды тұлға тиісті процестік шешімдер мен әрекеттерді қабылдау жолымен, СДТБТ-ға электрондық құжатты енгізу немесе PDF-құжатты кірістірілу арқылы, сондай-ақ ЭЦҚ-мен қойылатын электрондық ақпараттық есеп құжаттарының қажетті реквизиттерін (бұдан әрі – электрондық нысандар) толтыруды жүзеге асыруды тұжырымдайды.

Электрондық нысандағы қажетті реквизиттерді толтыру тәртібі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Ережесімен (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген).";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысында электрондық форматтағы электрондық сот ісін жүргізу е-ҚІ модулінде:

СДТБТ-да электрондық нысандағы қажетті есеп мәліметтері мен деректемелерді толтыру;

е-ҚІ модуліндегі үлгіде электрондық құжаттарды және PDF-құжаттарын құру;

қылмыстық процеске қатысушылардың электрондық құжаттарға ЭЦҚ немесе планшет көмегімен қол қою;

қылмыстық процеске қатысушыларға хабарлама жолдау немесе шақыру үшін SMS-хабарлама жолдау;

электрондық форматта қылмыстық істер мен құжаттардың қаралу процесін қамтамасыз ету мақсатында, соттармен электрондық іс-қимыл орнату;

электрондық форматта зерттеуді тағайындау мен қорытындылар алу тәртібін жүзеге асыру, немесе Нұсқаулықтың 25-тармағына сәйкес қағаз түрдегі материалдарды электрондық форматқа ауыстыру үшін сарапшылармен, мамандармен электрондық іс-қимыл орнату;

жария сектордың жұмыс істеуі арқылы жүзеге асырылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қылмыстық процесті жүргізетін тұлға, қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізу барысында:

СДТБТ-ға электрондық нысандарды уақтылы енгізілуін;

қылмыстық істі материалдарына сәйкес СДТБТ-ға енгізілген барлық ақпараттың нақтылығын;

ҚПК-нің талаптарына сәйкес қылмыстық процестің барлық қатысушыларының құқықтарын сақтауды;

ҚПК-нің 201-бабының талаптарына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жариялауға жол бермеуді қамтамасыз етеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Қылмыстық қудалау органының лауазымды тұлғасы, авторизациялау және аутентификациялау процесін жүргізу барысында СДТБТ-да электрондық қылмыстық істі жүргізуге қол жеткізуді:

Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығымен берілген ЭЦҚ;

өз құзыреті шеңберінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) берілетін, дербес сәйкестендіру нөмір-кодының (бұдан әрі - ДСН-коды);

биометрлік оқу құралын қолдана отырып, сәйкестендіру арқылы алады.

Қылмыстық процесті жүргізуші тұлға, саусақ ізі бойынша сәйкестендіруді жүргізу үшін, алдын ала цифрлық сертификаттарды және сауалнамалық деректерді сақтау құрылғысына биометриялық өлшемдерін тіркеу рәсімдерінен өтеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қылмыстық істің жүргізу форматын (электрондық немесе қағаздағы) таңдау жөніндегі шешім, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүргізілуі тапсырылған қылмыстық процесті жүргізуші тұлға,оны өз өндірісіне алу барысында өзінің қарауымен қабылдайды.

Қаулы шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде е-ҚІ модулінде автоматты түрде қадағалаушы прокурорға хабарлама қалыптасады.

Бұл ретте, электрондық формат таңдалған жағдайда, СДТБТ-да дереу тиісті электрондық нысан, сондай-ақ электрондық құжаттың үлгісі толтырылады.

Әрі қарай қылмыстық сот ісін жүргізудің қағаздан электрондық форматқа өзгертілуі , қылмыстық істерді біріктіру жағдайларын қоспағанда жол берілмейді.

Қылмыстық процесті жүргізуші тұлға жиырма төрт сағат ішінде қабылдаған шешім туралы қылмыстық процесс қатысушылары - күдіктіге, айыпталушыға, олардың заңды өкілдеріне, қорғаушыға, жеке айыптаушыға, азаматтық жауапкерге, жәбірленушіге, азаматтық талапкерге, олардың өкілдеріне хабарлайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Бұрын қағаз тасымалдағышта құрылған қылмыстық іс материалдарының құжаттары, қылмыстық істі электрондық форматта жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін дереу, бірақ электрондық сот ісін жүргізу туралы қаулыны шығарғаннан кейін жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей PDF-құжаттар түрінде электрондық қылмыстық іске кірістіріледі.

Бұл ретте, қылмыстық сот ісін жүргізуді электрондық форматта жүргізу туралы шешім қабылданғанша, СДТБТ-да автоматты түрде бірінші "АЕҚ-ты тіркеу туралы

баянат", "Қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерді анықтау туралы баянат", "Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы прокурорға хабарлама" электрондық құжаттары қалыптасады.

Электрондық қылмыстық істі жүргізу туралы шешім қабылданған жағдайда, жоғарыда көрсетілген баянаттар автоматты түрде жүйемен электрондық қылмыстық іс құжаттарына кірістіріледі, сондай-ақ электрондық қылмыстық іс тізімдемесінде көрсетіледі.

Сондай-ақ, прокурорға және сотқа ілеспе хаттар үшін де автоматты түрде қалыптасу мүмкіндігі қарыстырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Электрондық қылмыстық істі жүргізу, СДТБТ-ға енгізілген қылмыстық құжаттардың электрондық үлгілерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Электрондық құжаттарды құру барысында, қылмыстық процесті жүргізуші тұлға СДТБТ-да бар үлгілерді пайдаланады, алайда құжат мәтінін өздігінен дайындайды.

Электрондық түрде құрылған процестік және өзге құжаттарға қол қою, қылмыстық процеске қатысушылармен ЭЦҚ жолымен куәландыру немесе қол қою планшеті арқылы жүзеге асырылады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қылмыстық істі жүргізуші тұлғаның қарауымен электрондық форматтан қағаз форматқа ауысу, егер штаттан тыс (мысалы, электр жарығының, байланыстың, е-КІ модуліне қосылуның болмауы) немесе төтенше жағдайлар орын алғанда, алайда сондай жағдай орын алған сәттен жиырма төрт сағат өткеннен кейін жол беріледі.

Қылмыстық іс бойынша кезек күттірмейтін тергеу немесе процестік әрекеттер жүргізу қажет болған жағдайда, штаттан тыс немесе төтенше жағдай орын алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей ауысуға жол беріледі.

Қылмыстық сот ісін жүргізуді электрондық форматтан қағазды форматқа ауысу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін қылмыстық іс материалдарын шет ел мемлекетіне жолдау қажет болғанда;

қылмыстық іс материалдарына мемлекеттік құпия не басқа да заңмен қорғалуға жататын мәліметтерді тіркеу қажет болғанда.

Электрондықтан қағазды форматқа ауысу кезінде, СДТБТ-да электрондық түрде уәжді қаулы және қылмыстық сот ісін жүргізудің форматын өзгерту туралы нысан толтырылады.

Аталған шешім қабылданғаннан кейін дереу, бірақ жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей, осы Нұсқаулықтың 23-тармағында белгіленген тәрттіппен іс жүргізу электрондықтан қағазды форматқа ауыстырылады.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Қылмыстық процеске қатысушы процестік мәртебе алған сәттен бастап ҚР ҚПК-нің талаптарын ескере отырып, жария сектор арқылы өзіне қатысты немесе қорғалатын адам туралы қабылданған процестік шешімдерге және өзге де мәліметтерге, қылмыстық іс материалдарына қол жеткізуге құқылы.

Жария секторге рұқсат Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қыркүйекте № 9744 тіркелді) регламенттелген.

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Қылмыстық қудалаудың заңдылығын қадағалауын қамтамасыз ету үшін, прокурор СДТБТ арқылы электрондық қылмыстық істердің материалдарына қол жеткізуге ие.

ҚПК-да көзделген жағдайларда, е-ҚІ модулі электрондық қылмыстық істер бойынша қабылданған процестік шешімдер туралы қадағалаушы прокурорды ақпараттандыруды қамтамасыз етеді және прокурор үшін қылмыстық процесті жүргізетін органдардың келісу және бекіту, процестік шешімдердің заңдылығын тексеру рәсімін қарастырады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Қылмыстық процесті жүргізуші органдармен е-ҚІ модуліндегі СДТБТ-нің қолданушылар тізімі, нақты аумақтық және құрылымдық бөлімшелер бойынша электрондық қылмыстық істерге қол жеткізу деңгейін және уәкілеттіліктері анықталады.

Аталған тізімнің негізінде уәкілетті органмен СДТБТ-ның қолданушыларының қол жеткізу құқықтары анықталады.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың кадрлық қызметтері е-ҚІ модуліндегі СДТБТ-ның қолданушылар тізіміне кіретін лауазымды тұлғаны тағайындау, босату, міндеттерді жүктеу туралы бұйрыққа қол қойылған күні, ол туралы уәкілетті органға жазбаша хабарлайды.".

11. "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 29 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18595 болып тіркелген, 2019 жылдың 4 мамырында Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне жарияланған):

"Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысанында:

8-бөлімде:

кестенің тақырыптық бөлігінде 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"ішкі істер органдарының (оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесінің)";

кестенің тақырыптық бөлігінде 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"ұлттық қауіпсіздік органдарының";
11-бөлім мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:
"

Адам өлтіру (ҚР ҚК-нің 99-бабының 3-бөлігі)	3-1
---	-----

";

2-қосымшада кестенің тақырыптық бөлігінде 25-тармақ алып тасталсын.

"Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта:

2 мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Есептің 1, 1-1, 2, 3, 4, 4-1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бөлімдерін және 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларын қалыптастыруға Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 тіркелген) Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлері (анықтау органдары, тергеушілер, прокурорлар) толтырған Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – ЭАЕК) мәліметтері негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚПК) сәйкес процестік шешімдерді есепке алу келісуге немесе бекітуге жатады, прокурор шешімді немесе нысанды ЭЦҚ-мен куәландырғаннан кейін жүргізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Есептің 1-бөлімі қылмыстық істер есептік кезеңде іс жүргізуде болған (тергеп-тексеру басталған, істі сотқа жолдаумен аяқталған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері іс жүргізумен үзілген) құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ олар туралы істер бойынша есептік кезеңнің соңында алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өткен, бірақ мерзімін ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-ге түспеген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

ҚР ҚК-нің "Адам өлтіру" 99-бабы бойынша қылмыстар, бөлек жолда бейнеленетін өлтіруге оқталу және дайындалу көрсетілмей есептеледі.

Бағандар бойынша, егер осы құқық бұзушылық бойынша алғаш рет есептік кезеңде тергеп-тексеру аяқталса (сотқа жолданған, ҚР ҚПК-нің 35-бабының, 1-бөлімінің, 3), 4),

9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған, есептен алынып тоқтатылғандар немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілгендер бойынша), қылмыстық істер бойынша шешімдер көрсетіледі."

Егер өткен жылдарда тергеп-тексерумен аяқталғандар, есептен алумен тоқтатылғандар немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылғандар қатарына жатқызылған бұрынғы жылдардағы қылмыстық іс бойынша соттың істі алдын ала тыңдау кезеңінен прокурорға қайтаруы немесе өндірісті қайта қозғау нәтижесінде ағымдағы есептік кезеңде қайтадан баламалы шешім қабылданса, онда есепте бұл шешім ескерілмейді.

Егер сипатталған жағдайда алғаш рет басқа шешім қабылданса, онда ол есепте тиісінше бағанда, сондай-ақ іс-жүргізу болғандар қатарына есепке алынады.

Ағымдағы жылы тіркелген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша бұрынғы процестік шешім өзгерген кезде соңғы, осы есептік кезеңде қабылданғаны ескеріліп, ал бұрынғысы есептен алынады.

Ашылмауына байланысты бұдан бұрын тергеп-тексеру мерзімі бұзылған істер бойынша іс жүргізу қайта қозғалған жағдайда, олар ашылмағандар қатарынан алынып тасталады.

Сот қаулы немесе айыптау үкімін шығара отырып қозғаған және аяқтаған жеке айыптау істері, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 44-бабы 1-бөлімінің тәртібінде тұлғаға қатысты бөлінген қылмыстық құқық бұзушылықтар есепке алынбайды.

1, 2 және 5-бағандарды есептеу кезінде қылмыстық істері есептік кезеңде есептен алынып тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауына байланысты ақтау үкімдері заңды күшіне енген қылмыстық құқық бұзушылықтар есепке алынбайды.

1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде іс жүргізуде болған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Аталған бағанда сондай-ақ есептік кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді. Оларға есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар, сондай-ақ есептік кезеңде алғаш рет қылмыстық істі сотқа жолдау, мерзімін үзу немесе өндірісті тоқтату (есептен алынып тоқтатылғандардан басқа) туралы шешім қабылданған немесе жоғарыда сипатталған шешімдердің бір де біреуі қабылданбаған бұрынғы жылдардағы құқық бұзушылықтар жатады.

1-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтар есептік кезеңнің соңында іс жүргізуінде болған қылмыстық қудалау органының есебі бойынша, ал сотқа жолдау, істі тоқтату туралы процестік шешім қабылданған не сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген немесе іс тоқтатылған және істің одан кейінгі қозғалысы туралы мәлімет жоқ істер бойынша – соңғы процестік шешімді қабылдаған орган есебі бойынша есепке алынды. Тергеулік бойынша беру кезінде құқық бұзушылық 1-бағаннан шығарылып, оны қабылдаған органның есебінде бейнеленеді.

2-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кімнің: анықтау органының, тергеушінің, прокурордың бастағанына қарамастан, есептік кезеңде тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қылмыстық қудалаудың бір органы бастап, тергеулігі бойынша кейін басқа органға берген жағдайда, 2-бағанда құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған органның есебінде көрсетіледі. Бұл жағдайда 2-баған көрсеткіштерінің 1-баған көрсеткіштерінен артық болуына жол беріледі.

Прокурор тіркеген құқық бұзушылықтар есептің 2-бағанында іс жүргізуге берілген қылмыстық қудалау органы бойынша бейнеленеді.

3-бағанда 2-бағаннан өткен жылдары жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бөлініп көрсетіледі.

4-бағанда 2-бағаннан кәмелеттік жасқа толған әйел жынысты адамдарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

5-бағанда 2-бағаннан кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

6-бағанда қылмыстық істер тіркеу уақытына қарамыспен алғаш рет аяқталған (ҚР ҚПК 305, 528-баптары тәртібімен сотқа жолданған, ҚР ҚПК 518-бабы тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін жолданған немесе ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған) құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

7-бағанда қылмыстық істері қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеу уақытына қарамастан, алғаш рет ҚР ҚПК 305, 528-баптары тәртібімен және ҚР ҚПК 518-бабы тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін сотқа жолданған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

8-бағанда 7-бағаннан тергеушінің іс жүргізуінде болған, аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

9-бағанда 7-бағаннан анықтау органдарының іс жүргізуінде болған, аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

10-бағанда 7-бағаннан хаттамалық нысанда аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

11-бағанда кінәсін мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімді жасасқаннан кейін аяқталған құқық бұзушылықтар саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

12-бағанда қылмыстық істері алғаш рет ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған (есептен алынбай) құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

13-бағанда істері ҚР ҚПК 35-бабы 1-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтарына сәйкес тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі (құқық бұзушылықты есептен алумен).

14-бағанда есептік кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген құқық бұзушылықтардың жалпы саны бейнеленеді.

18-бағанда 14-бағаннан қылмыстық істер бойынша ағымдағы есептік кезеңде ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 4-тармағы негізінде алғаш рет сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі (заңда көзделген тәртіппен куәландырылған күдіктінің, айыпталушының психикасы уақытша бұзылған немесе өзге де ауыр науқастанған жағдайда).

15, 16, 17, 19, 20, 21-бағандарда 14-бағаннан қылмыстық істері бойынша ағымдағы есептік кезеңде алғаш рет ашылмағандар ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі үзілген құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі (ҚР ҚПК 45-бабы 7-бөлімінің 1), 2), 3), 5), 6), 7) тармақтары бойынша).

22-бағанда істер бойынша ҚР ҚПК белгіленген алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өтіп кеткен, ал оны ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-ге енгізілмеген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

23-бағанда қылмыстық істері есептен алынып тергеулігі бойынша берілген құқық бұзушылықтар саны ескеріледі.

24-бағанда есептік кезеңде қоғамдық орындарда жасалған құқық бұзушылықтар саны бөлініп көрсетіледі.

25-бағанда 24-бағаннан есеп мерзімінде көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, гүлзарларда жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

26-бағанда отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді.

27-бағанда тұлғасыз ескіру мерзімі өткендіктен тоқтатылған ашылмаған, қылмыстық теріс қылықтар саны бейнеленеді."

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу саласындағы өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
I-қосымша
Қылмыстық құқық
бұзушылықтар туралы арызды,
хабарды немесе баянатты
кабылдау және тіркеу, сондай-ақ
Сотқа дейінгі тергеп-
тексерулердің бірыңғай тізілімін
жүргізу қағидаларына
4-қосымша
нысан

Талон-хабарлама Талон-уведомление

ТАЛОН-ХАБАРЛАМА

ТАЛОН-ХАБАРЛАМА

(түбіртек)

ТАЛОН-УВЕДОМЛЕНИЕ

(корешок) / ___/___/___/___/___/___/___/___/___/

(карточканың нөмірі \номер карточки)

1. Өтініш \ заявление, хабарлама \ сообщение

(арыз берушінің аты-жөні (бар болған жағдайда) \ фамилия, инициалы заявителя (при его наличии))

(ұйымның атауы \ наименование организации) кабылданды \ принято.

2. Өтініш, хабарламаның қысқаша мазмұны \ краткое содержание заявлений, сообщений

3. Ақпаратты есепке алу кітабындағы/Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде тіркеу жазбасының нөмірі және күні \ номер и дата регистрационной записи в Книге учета информации / Едином реестре досудебных расследований №

" ___ " ___ 20 ___ жыл \ года

4. Өтінішті, хабарламаны қабылдаған қызметкердің лауазымы, аты-жөні (бар болған жағдайда), қолы \ должность, фамилия, инициалы (при его наличии), подпись сотрудника, принявшего заявление, сообщение

(қолы \ подпись)

5. Талон-хабарламаны қабылдаушының қолы \ подпись получившего талон-уведомление " ___ " ___ сағат \ часов " ___ " минут " ___ " ___ 20 ___ жыл \ года

6. Өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органының телефон нөмірі/Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления: Ескерту \ Примечание:

Интернет-ресурсының мекенжайы:

<http://www.qamqor.gov.kz>,

Адрес интернет ресурса:

<http://www.qamqor.gov.kz>,

Телефон бойынша 8 800-080-7777 нөмірі арқылы

Со стационарного телефона по

номеру 8 800-080-7777

Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы

(үзілмелі талон)

ТАЛОН-УВЕДОМЛЕНИЕ

(отрывной талон) / ___/___/___/___/___/___/___/___/___/

(карточканың нөмірі \номер карточки)

1. Өтініш \ заявление, хабарлама \ сообщение

(арыз берушінің аты-жөні (бар болған жағдайда) \ фамилия, инициалы заявителя (при его наличии))

(ұйымның атауы \ наименование организации) кабылданды \ принято.

2. Қабылдаған \ принял

(лауазымы, аты-жөні (бар болған жағдайда) \ должность, фамилия и инициалы (при его наличии))

3. Орган атауы, мекенжайы және қызметтік телефоны \ наименование органа, адрес и служебный телефон)

4. Өтініш, хабарлама бойынша шешім Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекспен белгіленген мерзімде қабылданатын болады \ Решение

по заявлению, сообщению будет принято в сроки, установленные Уголовно-процессуальным кодексом Республики Казахстан

" ___ " ___ 20 ___ жыл \ года

(қолы \ подпись)

5. Өтінішті қабылдаған қылмыстық қудалау органының телефон нөмірі/ Номер телефона органа уголовного преследования, принявшего заявления:

Ескерту \ Примечание:

Интернет-ресурсының мекенжайы:

<http://www.qamqor.gov.kz>,

Адрес интернет ресурса:

<http://www.qamqor.gov.kz>,

Телефон бойынша 8 800-080-7777

нөмірі арқылы

Со стационарного телефона по

номеру 8 800-080-7777

Ұялы телефон бойынша 1414 нөмірі арқылы

С мобильного телефона по номеру 1414

С мобильного телефона по номеру 1414

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу саласындағы өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар туралы арызды,
хабарды немесе баянатты
қабылдау және тіркеу тәртібін,
сондай-ақ Сотқа дейінгі
тергеп-тексерулердің бірыңғай
тізілімін жүргізу қағидаларына
12-қосымша
нысан

СДТБТ бойынша шешім

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі - СДТБТ) нөмірі _____
2. Тергеп-тексеру органының атауы _____
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны: алдын ала тергеу (01), анықтау (02), Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚПК) 189-бабы 3-бөлігінің тәртібінде алдын ала тергеу (03), ҚР ҚПК-нің 189-бабы 5-бөлігінің тәртібінде тергеу (04), ҚР ҚПК-нің 189-бабы 4-бөлігінің тәртібінде анықтау (05), хаттамалық нысан (08), ҚР ҚПК-нің 529-бабы 6-бөлігі 3-тармағының тәртібінде анықтау (11), ҚР ҚПК-нің 529-бабы 6-бөлігі 3 тармағының тәртібінде алдын ала тергеу (12).
- 3.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу: қағаз форматта(01), электрондық форматта (2)
4. СДТБТ бойынша шешім:
 - әкімшілік тәртіпте шешім қабылдау үшін жіберілді (0010)
 - тәртіптік тәртіпте шешім қабылдау үшін жіберілді (0020)
 - арызды жеке тәртіппен қарау үшін сотқа жіберілді (0030)
 - ҚР ҚПК-нің 186-бабы 1-бөлігі 1) тармағының тәртібінде жіберілді (0040)
 - ҚР ҚПК-нің 186-бабы 1-бөлігі 2) тармағының тәртібінде берілді (0050)
 - ҚР ҚПК-нің 186-бабы 1-бөлігінің тәртібінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге жіберілді (0070)
 - ҚР ҚПК-нің 188-бабы 2-бөлігінің тәртібінде жіберілді (0090)
 - қайта сараланды (0080)
 - тапсырылды: тергеп-тексеру тергеушілер тобына - ҚР ҚПК-нің 194-бабы (1000)
 - жедел-тергеу тобының құрамын өзгерту туралы (бұдан әрі – ЖТТ) (1001)
 - СДТБТ-да тіркеуден кейін өз іс жүргізуіне қабылдау (2000)
 - сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қағаз форматта жүргізу (2001)
 - сота дейінгі тергеп-тексеруді электронды форматта жүргізу (2130)
 - сотқа дейінгі тергеп-тексеруді электронды форматта жүргізуден қағаз форматта жүргізуге өзгерту (2131)
 - ҚР ҚПК-нің 189-бабы 4-бөлігінің хаттамалық нысандағы істері бойынша анықтау тағайындалды (2010)
 - ҚР ҚПК-нің 189-бабы 5-бөлігінің анықтау істері бойынша алдын ала тергеу тағайындалды (2020)

біріктіру: ҚР ҚПК-нің 43-бабының тәртібінде (2030)

біріктіру: ҚР ҚПК-нің 43-бабының тәртібінде (СДТБТ-да қайта тіркеуге байланысты) (2031)

алдыңғы біріктіруден бөлектеп алу: ҚР ҚПК-нің 44-бабының тәртібінде (2040)

тергеп-тексеру мерзімін ұзарту: ҚР ҚПК-нің 192-бабының тәртібінде (2050)

жәбірленушіге танысуға жіберілді (2060)

күдіктіге/қорғаушыға танысуға жіберілді (2061)

шағым бойынша прокуратураға жіберілді (2062)

шағым бойынша сотқа жіберілді (2063)

ҚР ҚПК-нің 186-бабының тәртібінде іс жүргізуге қабылданғанды тапсырғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2100),

ҚР ҚПК-нің 188-бабы 2-бөлігінің тәртібінде тапсырғаннан кейін өз іс жүргізуге қабылданды (2124),

ҚР ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігінің 13) тармағы бойынша прокурор тергеулігін өзгерткеннен кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2101),

ҚР ҚПК-нің 186-бабының, 188-бабы 2-бөлігінің тәртібінде жіберілетінді өз іс жүргізуіне қабылдаусыз қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2102),

ҚР ҚПК-нің 302-бабы 1-бөлігінің 3) тармағы бойынша прокурор қосымша тергеп-тексеруге қайтарғаннан кейін іс жүргізуге қабылданды (2104),

ҚР ҚПК-нің 190-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы тәртібінде алдын ала тергеуді жүзеге асыру үшін прокурор қайтарғаннан кейін іс жүргізуге қабылданды (2105), ҚР ҚПК-нің 518-бабы 5-бөлігінің 2) тармағы тәртібінде прокурор қосымша тергеп-тексеруге қайтарғаннан кейін іс жүргізуге қабылданды (2106), ҚР ҚПК-нің 193-бабы 10-бөлігіне сәйкес прокурор, ҚР ҚПК-нің 106-бабы 8-бөлігінің 1) тармағына сәйкес сот тоқтату туралы қаулының күшін жойғаннан кейін іс жүргізуге қабылданды (2107), сотқа дейінгі іс жүргізудің үзілген мерзімдерін қалпына келтіру (2108), ҚР ҚПК-нің 617-бабы 1-бөлігінің тәртібінде іс тергеу және өзге де процестік әрекеттерді жүргізу үшін қабылданды (процестік келісімге қол қойылғаннан кейін) (2109), процестік келісім туралы өтінішхатты прокурор қанағаттандырудан бас тартқаннан кейін іс қабылданды (2110), тергеп-тексеру жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 623-бабы 1-бөлігі 2) тармағының тәртібінде сот қайтарған іс қабылданды (2111), тергеп-тексеру жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 623-бабы 3-бөлігінің тәртібінде сот қайтарған іс қабылданды (2112), анықтау жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 529-бабы 6-бөлігі 3) тармағының тәртібінде сот қайтарған іс қабылданды (2113), жалпы тәртіпте тергеп-тексеру жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 521-бабы 5-бөлігінің тәртібінде медициналық сипаттағы шараларды қолдану туралы сот қайтарған іс қабылданды (2114), жалпы тәртіпте тергеп-тексеру жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 524-бабы 1-бөлігінің тәртібінде медициналық сипаттағы шараларды қолдану туралы сот қайтарған іс қабылданды (2115), ҚР ҚПК-нің 502-бабы 4-бөлігінің тәртібінде сот жіберген материалдарды қабылдау (2116), ҚР ҚПК-нің 394-бабы 4-бөлігінің тәртібінде сот жіберген қылмыстық істі қабылдау (2117), сотқа дейінгі жеңілдетілген тергеп-тексеру (бұдан әрі - СДЖТ) тәртібінде немесе процестік келісім тәртібінде тергеп-тексерілген істерді ҚР ҚПК-нің 323-бабының тәртібінде сот қайтарғаннан кейін қабылдау (2118), ҚР ҚПК-нің 190-бабы 7-бөлігі 2) тармағының тәртібінде анықтауды жүргізу үшін прокурор қайтарғаннан кейін іс жүргізуге қабылданды (2119), алдын ала тергеу жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 529-бабының 6-бөлігінің 3) тармағы тәртібінде сот қайтарған іс қабылданды (2120), алдын ала тергеуді жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 528-бабы 3-бөлігі 2) тармағының тәртібінде прокурор қайтарғаннан кейін іс қабылданды (2121), анықтау жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 528-бабы 3-бөлігі 2) тармағының тәртібінде прокурор қайтарғаннан кейін іс қабылданды (2122), тергеп-тексеру жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 623-бабы 1-бөлігі 3) тармағының тәртібінде сот қайтарған іс қабылданды (2123); ҚР ҚПК-нің 188-бабының 2-бөлігі тәртібінде жіберілгеннен кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2124); анықтау жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 629-3-бабының 4-бөлігінің 3) тармағы бойынша прокурор қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2125); алдын ала тергеу жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 4-бөлігінің 3) тармағы бойынша прокурор қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2126); ҚР ҚПК-нің 629-4-бабы 1-бөлігінің 1) тармағы бойынша сот қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2127); ҚР ҚПК-нің 629-4 бабы 1-бөлігінің 2) тармағы бойынша сот қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2128); ҚР ҚПК-нің 629-4 бабы 1-бөлігінің 5) тармағы бойынша сот қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2129); ҚР ҚПК-нің 629-4 бабы 1-бөлігінің 6) тармағы бойынша сот қайтарғаннан кейін өз іс жүргізуіне қабылданды (2132); ҚР ҚПК-нің 629-6-бабының 2-бөлігі тәртібінде сот қайтарғаннан кейін іс қабылданды (2133), тоқтату туралы қаулыны прокурор бекітуден бас тартқаннан кейін іс жүргізуіне

кабылданды (2134), сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулыны прокурор келісуден бас тартқаннан кейін іс жүргізуіне қабылданды (2135);

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағы бойынша мерзімін үзу (3010),

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы бойынша мерзімін үзу (3020);

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) тармағы бойынша мерзімін үзу (3030);

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 4) тармағы бойынша мерзімін үзу (3040);

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 5) тармағы бойынша мерзімін үзу (3050);

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 6) тармағы бойынша мерзімін үзу (3060);

ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 7) тармағы бойынша мерзімін үзу (3070);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 1) тармағы бойынша тоқтатылды (4010),

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы бойынша тоқтатылды (4020);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 3) тармағы бойынша тоқтатылды (4030);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 4) тармағы бойынша тоқтатылды (4040);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 5) тармағы бойынша тоқтатылды (4050);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 6) тармағы бойынша тоқтатылды (4060);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 7) тармағы бойынша тоқтатылды (4070);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 8) тармағы бойынша тоқтатылды (4080);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 9) тармағы бойынша тоқтатылды (4090);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 10) тармағы бойынша тоқтатылды (4100);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 11) тармағы бойынша тоқтатылды (4110);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы бойынша тоқтатылды (4121);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) 66-бабы бойынша тоқтатылды (4122);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы - ҚР ҚК-нің 67-бабы бойынша тоқтатылды (4123);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы - ҚР ҚК-нің 68-бабы бойынша тоқтатылды (4124);

ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы - ҚР ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігі бойынша, оның ішінде медиация тәртібінде тоқтатылды (4125);

ҚР ҚК-нің баптарына ескертпелерімен ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы тәртібінде тоқтатылды (4129);

ҚР ҚПК-нің 518-бабы 1-бөлігінің 1) тармағы тәртібінде тоқтатылды (4130);

ҚР ҚПК-нің 36-бабы - ҚР ҚК-нің 66-бабы бойынша тоқтатылды (4131),

ҚР ҚПК-нің 36-бабы- ҚР ҚК-нің 67-бабы бойынша тоқтатылды (4132),

ҚР ҚПК-нің 36-бабы - ҚР ҚК-нің 68-бабының 2, 3-бөліктері бойынша тоқтатылды (4133),

ҚР ҚПК-нің 36-бабы- ҚР ҚК-нің 442-443, 445-449-баптарына ескертпелер бойынша тоқтатылды (4134);

ҚР ҚПК-нің 300-бабы бойынша іс прокурорға жіберілді (5010)

ҚР ҚПК-нің 190-бабының (СДЖТ) тәртібінде іс прокурорға жіберілді (5015)

ҚР ҚПК-нің 518-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы бойынша іс прокурорға жіберілді (5030)

ҚР ҚПК-нің 615-бабы 2-бөлігі тәртібінде іс прокурорға жіберілді (5040)

ҚР ҚПК-нің 614-бабы 1-бөлігінің 1) тармағы бойынша іс прокурорға жіберілді (5050)

ҚР ҚПК-нің 502-бабының 4-бөлігі тәртібінде тергеп-тексеру жүргізілгеннен кейін іс прокурорға жіберілді (5060)

ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 2-бөлігінің 1) тармағы бойынша іс прокурорға жіберілді (5070),

ҚР ҚПК-нің 302-бабы 1-бөлігінің 1) тармағы тәртібінде айыптау актісін бекіту және сотқа жіберу (6010),

ҚР ҚПК-нің 302-бабы 1-бөлігінің 2) тармағы тәртібінде жаңа айыптау актісін құру және сотқа жіберу (6011),

ҚР ҚПК-нің 302 бабы 1-бөлігінің 3) тармағы тәртібінде қосымша тергеп-тексеруге үшін қайтарылды (6012),

ҚР ҚПК-нің 190-бабының 7-бөлігі тәртібінде алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтарылды (6013),

ҚР ҚПК-нің 190 бабының 7-бөлігі тәртібінде анықтау жүргізу үшін қайтарылды (6014),

ҚР ҚПК-нің 190-бабын 7-бөлігінің 1) тармағы тәртібінде айыптау актісін бекіту және сотқа жіберу (6015),

ҚР ҚПК-нің 528-бабын 2-бөлігінің 1) тармағы бойынша сотқа жіберілді (6016),

қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы прокурордың бекітуі (6017),
ҚР ҚПК-нің 518-бабы 5-бөлігінің 1) тармағы бойынша медициналық сипаттағы шараларды қолдану үшін сотқа жіберілді (6030),
ҚР ҚПК-нің 518-бабы 5-бөлігі 2) тармағының тәртібінде қосымша тергеп-тексеруді жүргізу үшін қайтарылды (6031),
процестік келісім туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартумен қайтарылды (6040),
ҚР ҚПК-нің 617-бабы 1-бөлігінің тәртібінде дәлелдемелер жинау мақсатында қайтарылды (6041),
ҚР ҚПК-нің 617-бабы 4-бөлігінің тәртібінде процестік келісім жасалғаннан кейін сотқа жіберілді (6050),
ҚР ҚПК-нің 502-бабы 4-бөлігінің тәртібінде сот актілерін қайта қарау үшін негіздің бар немесе жоқ екендігі туралы қорытындысымен сотқа жіберілді (6060),
ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 1-бөлігі 1) тармағының тәртібінде бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы бекітілгеннен кейін сотқа жіберілді (6070);
ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 1-бөлігі 3) тармағының тәртібінде анықтау жүргізу үшін қайтарылды (6071);
ҚПК 629-3-бабының 4-бөлігі 1) тармағының тәртібінде бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы бекітілген соң сотқа жіберілді (6080);
ҚР ҚПК-нің 193-бабы 1-бөлігі 12) тармағының тәртібінде тергеулігін өзгертеді (7000)
ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 4-бөлігі 3) тармағының тәртібінде анықтау жүргізу үшін қайтарылды (7081);
ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 4-бөлігі 3) тармағының тәртібінде алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтарылды (7082);
бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулы басшылыққа келісу үшін жіберілді (7083),
қаулыны келісуден бас тартылды және қылмыстық іс анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтарылды (7084);
қылмыстық теріс қылық туралы хаттама басшылыққа келісу үшін жіберілді (7085);
хаттаманы келісуден бас тартылды және қылмыстық іс анықтау жүргізу үшін қайтарылды (7086);
ҚР ҚПК-нің 528-бабы 3-бөлігі 2) тармағының тәртібінде прокурор анықтау жүргізу үшін қайтарды (7087);
ҚР ҚПК-нің 528-бабы 3-бөлігі 2) тармағының тәртібінде прокурор алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтарды (7088);
ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 1-бөлігі 3) тармағының тәртібінде анықтау жүргізу үшін қайтарылды (7091),
ҚР ҚПК-нің 629-3-бабы 4-бөлігі 3) тармағының тәртібінде алдын ала тергеу жүргізу үшін қайтарылды (7092),
бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулыны анықтау органының бастығымен келісу (7093),
қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы анықтау органының бастығымен келісу (7094);
ҚР ҚПК-нің 623-бабы 1-бөлігі 2) тармағының (626-бабы 1-бөлігі 1) тармағының тәртібінде прокурорға қайтарылды (8010), ҚР ҚПК-нің 623-бабы 1-бөлігі 3) тармағының (626-бабы 1-бөлігі 2) тармағының тәртібінде прокурорға қайтарылды (8020), ҚР ҚПК-нің 623-бабы 3-бөлігінің (626-бабы 4-бөлігінің) тәртібінде прокурорға қайтарылды (8021),
ҚР ҚПК-нің 529-бабы 6-бөлігі 3) тармағының тәртібінде анықтау жүргізу үшін прокурорға қайтарылды (8022),
ҚР ҚПК-нің 529-бабы 6-бөлігі 3) тармағының тәртібінде алдын ала тергеп-тексеру жүргізу үшін прокурорға қайтарылды (8023),
ҚР ҚПК-нің 629-4 бабы 1-бөлігі 2) тармағының тәртібінде сот қайтарды (8025),
ҚР ҚПК-нің 629-4 бабы 1-бөлігі 6) тармағының тәртібінде сот қайтарды (8027),
ҚР ҚПК-нің 629-6-бабы 2-бөлігінің тәртібінде сот қайтарған іс қабылданды (8028)
ҚР ҚПК-нің 521-бабы 5-бөлігінің тәртібінде прокурорға қайтарылды (8030),
ҚР ҚПК-нің 524-бабы 1-бөлігінің тәртібінде прокурорға қайтарылды (8040),
ҚР ҚПК-нің 502-бабы 4-бөлігінің тәртібінде тергеп-тексеруді ұйымдастыру үшін прокурорға қайтарылды (8050),
ҚР ҚПК-нің 323-бабының, оның ішінде СДЖТ немесе процестік келісім тәртібінде тергеп-тексерілген істер бойынша прокурорға қайтарылды (8060),
ҚР ҚПК-нің 323-бабының, оның ішінде СДЖТ немесе процестік келісім тәртібінде тергеп-тексерілген істер бойынша прокурорға қайтарылды (8070),
ҚР ҚПК-нің 35-бабы 6-бөлігінің тәртібінде соттан талап етілді (8080),

ҚР ҚПК-нің 321-бабы 6-бөлігінің тәртібінде айыптау актісін қайта жасау және соттылығын өзгерту үшін прокурорға қайтарылды (8090),

ҚР ҚПК-нің 321-бабы 3-бөлігінің тәртібінде іздестіруді жүзеге асыру үшін прокурорға қайтарылды (8091)

ҚР ҚПК-нің 596-бабының тәртібінде сотталушыға қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін шет мемлекеттің құзыретті органына жіберілді (8092),

прокурор тоқтатылу туралы қаулының күшін жойды (9001),

прокурор мерзімді ұзу туралы қаулының күшін жойды (9002),

прокурор қайта саралау туралы қаулының күшін жойды (9003),

прокурор біріктіру туралы қаулының күшін жойды (9004),

прокурор/сот бөлектеп алу (бөлу) туралы қаулының күшін жойды (9005),

сот тоқтатылу туралы қаулының күшін жойды (9006),

сот мерзімді ұзу туралы қаулының күшін жойды (9007),

сот қайта саралау туралы қаулының күшін жойды (9008),

сот біріктіру туралы қаулының күшін жойды (9009),

сот бөлектеп алу (бөлу) туралы қаулының күшін жойды (9010)

қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеру үшін қайтару туралы төмен тұрған прокурордың шешімінің жоғары тұрған прокурормен күшін жою (9011);

прокурордың қылмыстық қудалау органы қаулысының күшін жою туралы/қаулыны бекітуді келісуден/бас тарту туралы қаулысының күшін жою (9012),

қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы бекітілді (9013),

қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны бекітуден бас тартылды (9014),

тергеп-тексеру мерзімін ұзу туралы қаулы келісілді (9015),

тергеп-тексеру мерзімін ұзу туралы қаулыға келісуден бас тартылды (9016),

қылмыстық құқық бұзушылықты саралау туралы жаңа қаулыға келісуден бас тарту туралы қаулы (9017),

санкциялау туралы өтінішхат жіберілді (9510),

келіп түскен өтінішхатты соттың қарауы (9530),

сараптама нәтижесі (9601),

прокурордың нұсқауы (9701),

прокурордың нұсқауына жауап (9702),

процестік құжаттар (9900),

криминологиялық зерттеуді тағайындау туралы қаулы (9901),

криминологиялық зерттеудің қорытындысы (9902).

Шешім қабылданды: қылмыстық қудалау органдарының қызметкерлерімен (1), прокурор (2), сот (3).

Бастамашылық бойынша шешім: қылмыстық қудалау органының

Шешім қабылданған күн: 20__ жылғы " __ " _____.

Өтінішхат түрі: тінту жүргізу туралы (01), қарап-тексеру жүргізу туралы (02), алу жүргізу туралы (03), эксгумациялау жүргізу туралы (04), сақтауға қою туралы (05), жеке тінтуді санкциялау туралы (06), ҚР ҚПК-нің 161-бабы 8-бөлігінің тәртібінде басқа адамдардың мүлкіне тыйым салу туралы (07), мәжбүрлеп қуәландыруды санкциялау туралы (08); үлгілерді мәжбүрлеп алуды санкциялау туралы (09); соттың санкциясыз жүргізілген тінтудің заңдылығын тексеру туралы (10); соттың санкциясыз жүргізілген жеке тінтудің заңдылығын тексеру туралы (11); соттың санкциясыз жүргізілген алудың заңдылығын тексеру туралы (12), тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша қорытынды (16); ҚР ҚПК-нің 220-бабы 14-бөлігінің тәртібінде тұрғын үйді мәжбүрлеп тексеру (17); тез бүлінуге ұшырайтын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ уақытқа сақтау елеулі материалдық шығындарды талап ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы (18);

4.1. Шешімді сипаттау (қаулы ету үшін анықтады)

Қаулылар хаттамаларын қалыптастыру үшін шешімді сипаттау;

4.2 Соттың атауы (соттың коды),

4.3. Қарау күні және уақыты: 20__ жылғы " __ " _____

4.4. Соттағы материалдың нөмірі _____

4.5. Сотта қараудың нәтижесі: қанағаттандырылды (1), қанағаттандырудан бас тартылды (2), прокурордың бастамасы бойынша қанағаттандырудан бас тартылды (3), соттың қарауына дейін кері қайтарылды (4), пысықтау үшін қайтарылды (5);

4.6. Заңсыз деп танылды: тұрғын үй-жайды қарап-тексеру (01), жәбірленушіні, куәні, арыз иесін мәжбүрлеп куәландыру (02), жеке тінту (03), тінту (04), алу (05), жәбірленушіден, куәдан үлгілерді мәжбүрлеп алу (06), бұлтартпау шарасы ретінде қамаққа алу қолданылған күдіктілерді және айыпталушыларды ұстап алынғандар ұсталатын орындарда ұстау (ҚР ҚПК-нің 150-бабы) (14), мүлікке билік етуге он тәуліктен аспайтын мерзімге уақытша шектеу (ҚР ҚПК-нің 161-бабы) (15), эксгумация (16)

4.7. ҚР ҚПК-нің 107-бабы тәртібінде соттың қаулысына шағым (өтінішхат): тінту жүргізу туралы (01), қарап-тексеру жүргізу туралы (02), алу жүргізу туралы (03), эксгумациялау жүргізу туралы (04), сақтауға қою туралы (05), жеке тінтуді санкциялау туралы (06), ҚР ҚПК-нің 161-бабы 8-бөлігінің тәртібінде басқа адамдардың мүлкіне тыйым салу туралы (07), лауазымынан уақытша шеттетуді санкциялау туралы (08); жақындауға тыйым салуды санкциялау туралы (09); мәйітті эксгумациялауды санкциялау туралы (10), мәжбүрлеп куәландыруды санкциялау туралы (11); үлгілерді мәжбүрлеп алуды санкциялау туралы (12); соттың санкциясынсыз жүргізілген тінтулердің заңдылығын тексеру туралы (13), соттың санкциясынсыз жүргізілген жеке тінтудің заңдылығын тексеру туралы (14), соттың санкциясынсыз жүргізілген алудың заңдылығын тексеру туралы (15), соттың санкциясынсыз жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексеру туралы (16), тәркілеу туралы іс-жүргізу бойынша қорытынды (17), ҚР ҚПК-нің 220-бабы 14-бөлігінің тәртібінде тұрғын үйді мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы (18); тез бүлінуге ұшырайтын немесе қылмыстық істі мәні бойынша шешкенге дейін ұзақ уақытқа сақтау елеулі материалдық шығындарды талап ететін заттай дәлелдемелерді өткізу туралы (19);

Шағым (өтінішхат) берілді (келтірілді): прокурормен (01), күдіктімен (02), айыпталушымен (03), қорғаушымен (күдіктінің, айыпталушының) (04), заңды өкілмен (05), жәбірленушімен (06), жәбірленушінің заңды өкілімен (07), басқалармен (08).

Нәтиже: қаулы өзгеріссіз қалдырылды (01), қаулы өзгертілді (02), жаңа қаулы шығару арқылы күші жойылды (03).

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

4.8. ҚР Заңының қабылдануына байланысты: (анықтамалық бойынша)

5. Қылмысты саралау ҚР ҚК-нің _____

ҚР ҚК-нің 11-бабы бойынша: анықталмаған (0), онша ауыр емес (1), ауырлығы орташа (2), ауыр (3), аса ауыр (4).

5.1 Қылмысты саралау 1997 жылғы 16 шілдедегі ҚР ҚК-нің _____

6. ҚР ҚК-нің _____ бабынан қылмыс қайта сараланды

Қайта саралау күні 20 ____ жылғы " ____ " _____

7. Негізгі СДТБТ-ның нөмірі _____

8. Бұрын біріктірілген СДТБТ-дан бөлектеп алынды _____

9. Жедел-тергеу тобын ұйымдастырған органның атауы (бұдан әрі - ЖТТ) _____

9.1. ЖТТ жетекшісі

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН)	ТАӘ (әкесінің аты болға жағдайда)	Лауазымы
1			

9.2. ЖТТ-ға қатысушылардың құрамы

№	ЖСН	ТАӘ (әкесінің аты бар болған жағдайда)	Лауазымы
1.			
2.			

10. Органға берілді _____

қызметіне берілді: тергеу (1), анықтау (2)

шығыс № _____ күні 20__ жылғы " ____ " _____

11. Ұзартылды: / ____ / ай / ____ / күнге дейін.

Мерзімі ұзартылған күні 20__ жылғы " ____ " _____ дейін

12. Іс танысуда болды: 20__ жылғы " ____ " _____ бастап 20__ жылғы " ____ " _____ дейін

13. Іс шағым бойынша болды: 20__ жылғы " ____ " _____ бастап 20__ жылғы " ____ " _____ дейін

14. Ескертпе:

Ескертпе сипаттамасы

15. Тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адам

15.1. Тергеп-тексеруді жүзеге асыратын бөлімшелердің бастығы

16. Прокурор _____

17. Қадағалауды жүзеге асыратын прокуратураның атауы

Тіркелген күні " ____ " _____ 20__ жыл түзетілген күні " ____ " _____ 20__ жыл

СДТБТ бойынша шешімнің жалғасы (аяқталғандар бойынша мәліметтер)

18. Қылмыс жасалды: (анықтамалық бойынша)

18.1. Шетелдіктің азаматтығы (анықтамалық бойынша)

19. Кәсіп түрі бойынша қылмыс жасады: (анықтамалық бойынша)

19.1. Қосымша белгілер: (анықтамалық бойынша)

20. Қылмыс жасау себебі: (анықтамалық бойынша)

21. Кінә нысаны: қасақана (1), абайсыздан (2).

22. Қылмыстық қудалау жүргізілді: (анықтамалық бойынша)

23. Келтірілген залал сомасы: _____ теңге

Мемлекетке _____ теңге, заңды тұлғаларға _____ теңге, жеке тұлғаларға _____ теңге

23.1. Өз еркімен өтелді: _____ теңге

Мемлекетке _____ теңге, заңды тұлғаларға _____ теңге, жеке тұлғаларға _____ теңге

23.2. ҚР ҚПК-нің 177-бабына сәйкес белгіленген процесітік шығындар сомасы _____ теңге

23.3. Қылмыстық жолмен алынған, Қазақстан Республикасына қайтарылуға жататын сома _____ теңге.

23.4. Пара заты болып табылатын мүлік, ақша, құндылықтар мөлшері (барлығы) _____ теңге алып қойылды.

24. Мүлікке келесі мөлшерде тыйым салынды: _____ теңге

Мемлекеттің _____ теңге, заңды тұлғалардың _____ теңге, жеке тұлғалардың _____ теңге

24.1 Тәркілеуге жататын мүлікке келесі мөлшерде тыйым салынды: _____ теңге

Мемлекеттің _____ теңге, заңды тұлғалардың _____ теңге, жеке тұлғалардың _____ теңге

25. Сипатталған мүлік келесі көлемде өткізілді: _____ теңге

26. Қылмысты ашуға ықпал еткен күштер мен құралдардың атауы:

Қылмысты ашуға ықпал еткен күштер мен құралдар (ведомствоішілік көрсеткіш):

Хабарлама: анықтамалық бойынша

Хабарламаның атауы мен нөмірі: (анықтамалық бойынша)

Атауы (26-шы деректемеден)

№ _____

27. Жедел есепке алу ісінің түрі: (анықтамалық бойынша)

28. Жеке тінту:(анықтамалық бойынша)

29. Қылмыстардың ашылуына қатысқаны ықпал етті: қызмет (анықтамалық бойынша)

30. Қолданылуы: (анықтамалық бойынша)

31. Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің нәтижесінде алынған мәліметтерді пайдаланумен аяқталды (01).

32. Процестік құжаттың түрі: баянат (001), қаулы (002), хаттама (003), акт (004), қорытынды (005), қолхат (006), өтінішхат (007), хабарлама (008), арыз (009), хат (010), нұсқау (011), мінездеме (012), өзге де құжаттар (100),

Құжаттың атауы: _____

Құжаттың түрі: (анықтамалық бойынша)

33. Кеңсеге келіп түскен күні " ____ " _____ 20__ жыл ____ сағат ____ минут

Істің келіп түсуі расталған күн " ____ " _____ 20__ жыл

Кеңсе қызметкерінің ЖСН-і _____

Кеңсе қызметкерінің Т.А.Ә (бар болған жағдайда) _____

Прокурордың бекіткен күні-уақыты " ____ " _____ 20__ жыл ____ сағат ____ минут

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу саласындағы өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Қылмыстық құқық
бұзушылықтар туралы арызды,
хабарды немесе баянатты
қабылдау және тіркеу тәртібін,
сондай-ақ Сотқа дейінгі
тергеп-тексерулердің бірыңғай
тізілімін жүргізу қағидаларына
13-қосымша
нысан

Қылмыс жасағаны үшін күдікті (айыпталушы) адамға нысан

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі - СДТБТ) нөмірі _____

